https://doi.org/10.52967/3007-6528.2023.1.341.349

Айбек Тұраруұлы[1], aibek_tu@mail.ru,
Вячеслав Васильевич Плахов[1], vplakhov@yandex.ru
[1]«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы,
Атырау қ., Қазақстан

Қарағайлы қонысындағы кесененің қазбасы*

Мақалада жаңадан анықталған Қарағайлы қонысындағы кесененің қазба жұмыстары туралы айтылған. Кесененің толық сипаттамасы, табылған жерлеу орындары мен жәдігерлер туралы баяндалып, қазбаның алдын-ала қорытындысы жасалған. Қарағайлы ескерткіші ортағасырлық Сарайшық қаласынан батысқа қарай 21 км жерде, қаладан батысқа қарай бағытталған керуен жолында кездесетін алғашқы ірі қоныс. 2022 жылы «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының археологиялық экспедициясының барлау жұмыстары нәтижесінде анықталды. Ащысай (Солянка) өзені бойындағы құландылар туралы ең ерте дерек топограф, штабс капитан А.Е.Алексеевтің 1861 жылғы жолсапар жазбасында кездеседі. Қазіргі кезде Қарағайлы ескерткішіндегі алғашқы зерттеулер арқылы бұл аймақтың ертедегі тұрғындары туралы, шаруашылығы мен ғұрып, салты бойынша айтарлықтай материалдар жинақталды.

Түйін сөздер: кесене, ескерткіш, қазба, портал, жерлеу орны, кірпіш

Айбек Турарулы[1],
Вячеслав Васильевич Плахов[1]
[1]Государственный историко-культурный музей-заповедник «Сарайшық»,
г. Атырау, Казахстан

Раскопки мавзолея в поселении Карагайлы

В статье приводятся результаты исследования мавзолея, обнаруженного в ходе полевых иссдований поселения Карагайлы. В работе приводится подробное описание мавзолея, сведения о зафиксированных захоронениях и артефактах, даны предварительные итоги иссдедований. Памятник Карагайлы – первое крупное поселение, встречающееся на караванном пути, идущем в западном направлении от городища Сарайшык, и расположено в 21 км к западу от средневекового городища Сарайшык. В 2022 году памятник был обнаружен в результате археологической экспедиции Государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшық». Наиболее ранние сведения о развалинах на речке Ащысай (Солянка) можно найти в путевых заметках топографа, штабс-капитана А.Е. Алексеева за 1861 год. В настоящий момент благодаря первичным исследованиям памятника Карагайлы собран значительный материал о древних жителях этого края, их хозяйстве, обычаях и традициях.

Ключевые слова: мавзолей, памятник, раскопка, портал, захоронение, кирпич

© 2023 г. Тұраруұлы А., Плахов ВВ.
**Мақала Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің 2021–2023 жж. арналған №BR10164208 жобасы аясында дайындалды.*

Aibek Turaruly[1],
Vyacheslav Plakhov[1]
[1]»Sarayshik» state historical and cultural museum-reserve,
Atyrau, Kazakhstan

Mausoleum excavations in Karagayly settlement

The article mentions the work on the excavation of the mausoleum in the newly discovered settlements of Karagayly. A detailed description of the mausoleum is given, there is information about the discovered burials and artifacts, a brief preliminary conclusion of the excavation. The Karagayly monument is the first large settlement found on the caravan route going west from Sarayshyk. It is located 21 km west of the medieval settlement Sarayshyk. In 2022, it was discovered as a result of an archaeological expedition of the Saraishyk State Historical and Cultural Museum-Reserve. The earliest information about the ruins on the river Ashchysay (Solyanka) can be found in the travel notes of the topographer, staff captain A.E. Alekseev for 1861. At the moment, thanks to the primary research of the Karagayly monument, significant material has been collected about the ancient inhabitants of this region, about their economy, customs and traditions.

Keywords: mausoleum, monument, excavation, portal, burial, brick

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің 2021–2023 жылдарға арналған «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII–XV ғғ.)» ғылыми жобасын іске асыру бойынша соңғы жылдары Жайық өзенінің төменгі сағасының оң жағынан 12 алтынордалық кезеңнің ескерткішін анықтады.

Ескерткіштер Сарайшықтан батысқа қарай бағытталған керуен жолдарын іздестіру нәтижесінде табылып отыр. Осы ескерткіштердің көлемі жағынан ең ірісі – Қарағайлы мекені. Ащысай өзенінің қазіргі кезде кеуіп қалған арнасы бойында, Қарағайлы деп аталатын жерде ірі археологиялық ескерткіш орналасқан. Ескерткіш Атырау облысы, Махамбет ауданы, Сарайшық ауылынан оңтүстік-батысқа 20 км, Таңдай ауылынан оңтүстікке 15 км жерде. GPS координаты: N 47° 24,544’; E 51° 29,187’.

Ескерткіште орналасқан барлық нысандарды есепке алғанда, оның жалпы аумағы 1000×1000 м шамасында. Ескерткіштің беткі қабатынан мыс тиындар, моншақтар, қызыл, сұр түсті керамика және сырлы қыш ыдыс, қалыпта жасалған қыш ыдыс сынықтары жиналып алынды (1-сур.). Мал сүйегі мен металл, шыны қалдықтары да беткі топырақта көп араласып жатыр. Ескерткіштің мәдени қабаты Ащысай өзенінің екі жақ жағалауында да бар. Және, одан бөлек батыс жағында 200×150 м аумақта қыш сынықтары, мал сүйегі, т.б. заттар шашылған. Нефриттен өңдеп жасалған 2 сәндік жапсырма табылды, ол жапсырмалар бұл жаққа сауда керуендері арқылы келген болса керек. Өзбек ханның атынан шығарылған бірнеше пұлдар бұл мекеннің сауда керуен жолында орналасқанын дәлелдейді. Металдан жасалған мөр басылған қалып та саудагерлерден қалған зат болса керек.

Табылған шығыр ыдысының сынықтары өзектен су шығарумен айналысқанын көрсетеді. Мүмкін, бақша өсірумен айналысқан болар. 2 қыш ыдыс тұтқасынан оны жасаған шебердің «айқыш» таңбасы анықталды. Сырлы қыш ыдыс сынықтарының оюөрнегін безендіру «резерв» әдісімен салынған.

Сонымен қатар осы арадан аз мөлшерде тас еңбек құралдары жаңқалары да кездесті. Уақыты XIV–XVI ғасырлар [Ахметова 2022: 44].

Ескерткіштің батыс жағында төбешік күйіндегі 4–5 ғимараттың орны байқалады. Оның біреуіне қазба салғанымызда қыш және саман кірпіштен тұрғызылған ғимарат қабырғасы ашылды.

Қазба жұмыстары нәтижесінде 6 жерлеу орны орналасқан екі бөлмелі кесененің іргетасы түріндегі сәулеттік мемориалдық кешен анықталды (2-сур.). Ғимарат солтүстік-оңтүстік бойымен бағыттас. Іргетас бойымен сыртқы өлшемдері: солтүстіктен оңтүстікке 11,45 м және батыс-шығыс бағытында 7,3 м болды. Портал оңтүстік жағында, бұрыштары пилястрмен жиектелген. Порталдан ішке кіргенде ішкі өлшемдері 4,8×2,4 м (БШ-СО) болатын зиярат ету бөлмесі орналасқан. Одан әрі қарай ішкі өлшемдері 4,8×4,8 м болатын көрхана бөлмесі бар. Оның төбесі күмбезді



1-сур. Кесене. Оңтүстіктен қарағандағы көрініс
Fig. 1. Mausoleum. View from the south
Рис. 1. Мавзолей. Вид с юга

жабылған болса керек. Бұл екі бөлме табалдырығы бар есік орны сақталған қабырғамен бөлініп тұр (3-сур.).

Кесене қабырғаларының қалыңдығы 1,20–1,25 м шамасында. Қабырғаның қыш кірпіштерден қаланған бірінші қабаты қалыңдығы 4–5 см тегістелген саз қабатының үстіне салынған. Жоғары қарай 8 қатарға дейін кірпіштер қаландысы бар, олар сұрғылт топырақты балшық ерітіндісімен бекітілген. Қабырға сауытты тас қалау (панцирная кладка) түрінде тұрғызылған: ішкі жағына күйдірілмеген саман кірпіштер қаланып, сыртқы беттерін қыш кірпішпен қаптап қалаған. Саман кірпіштің де, қыш кірпіштің де көлемі бірдей: 25×25×5 см. Бөлмелердің едендері де осындай қыш кірпіштен төселген.

Ғимарат қабырғаларының сыртқы жағы іргетас бөлігінде екі қатар саман кірпіштен жасалған төсенішпен қапталған. Кірпіштер сұр түсті, қалыңдығы 9 см, ұзындығы 37–39 см, бекіткіш балшық ерітіндісінің қалыңдығы 3 см [Ахметова 2022: 4].

Ғимарат үстіндегі құланды құрамы қыш және саман кірпіштердің сынықтары қоспасынан тұрады. Құланды қалыңдығы 60 см-ге дейін жеткен. Күйдірілген тұтас кірпіш табылған жоқ, қабырғалар мен күмбездің қыш кірпіштерін кейінгі кезеңдерде қайта қолдану мақсатында адамдар жинап алған.

Портал қабырғасында ені шамамен 1,9 м болатын зияратхана бөлмесіне кіретін есік орны болды. Портал қабырғаларының қалыңдығы 1,6 м. Қабырғаны сауытты тас қалау арқылы тұрғызған. Есік табанында қабырғаның 4 қатар қаландысы сақталған. Іргесінің ішкі жағы саман кірпіштен қаланған, олардың көлемі қыш кірпіштермен бірдей. Қабырғаның сыртқы беті қыш кірпіштен қаланған. Бекітілген саз балшық ерітіндінің қалыңдығы шамамен 1,5 см. Қабырғаның сырты төменгі үш қатары тұтас кірпіштерден қаланған болса, төртінші қатары жарты кірпіштен қаланған. Порталдың алдында ені 40 см болатын саман кірпіштен төсеніш орналасқан. Порталдың шығыс бөлігінің биіктігі 36–40 см, батыс бөлігінің биіктігі 30–35 см. Есік табанының биіктігі 25 см сақталған. Порталдың бұрыштары екі жағында да қыш кірпішті пилястрлармен нығайтылған. Пилястрлар ұзындығы 50 см, сыртқа қарай қабырғадан 5 см шығыңқы келген.



2-сур. Кесене. Қазбаның жоғарыдан түсірілген көрінісі
Fig. 2. Mausoleum. Top view of the excavation trench
Рис. 2. Мавзолей. Вид раскопа сверху

Зиярат ету бөлмесінде еденге төселген кірпіштің едәуір бөлігі алынып тасталған. Бастапқыда еден 1% ақ түсті бөлшектерді (гипс болуы мүмкін) қосу арқылы қалыңдығы 1,5–2 см топырақ қабатымен жабылған. Содан кейін бор немесе алебастрдың ақшыл қабатымен жабылған. Оның үстінде диаметрі 2–5 см болатын майлы күйе дақтары сақталған, бұл қандай да бір салт-дәстүрдің ізі болса керек. Еденге төселген кірпіштер негізінен алынып тасталған. Шығыс, солтүстік және оңтүстік жағында еденнің шағын бөліктері ғана сақталған.


Солтүстік қабырға әдеттегідей сауытты қаланған, қалыңдығы 1,3 м. Шығыс және батыс жағында да 8 қатар кірпіш қаландысы сақталған. Зияратхананың солтүстік қабырғасында көрхана бөлмесіне қарай өтетін есік орны бар. Оның ені 1,2 м. Есік табалдырығының еденнен биіктігі 6 см. Есік орнының оңтүстік шетінен солтүстікке қарай 60 см жерде, ені 25 см, биіктігі 7 см болатын қырлы бөренеден жасалған табалдырықтың қалдығы сақталған. Бөрене ұштары қабырға ішіне 1,5 см еніп тұр.

Көрхананың солтүстік қабырғасы әдеттегідей сауытты қалау әдісімен салынған, яғни сыртқы беті қыш кірпіштерден, ортасына саман кірпіштер қаланған. Бірақ сегізінші кірпіш қатарынан бастап қабырғаға тек қана қыш кірпіштер қалана бастаған.

Кесененің шығыс қабырғасының қалыңдығы 1,25 м, сауытты қалау әдісімен салынған. Биіктігі 8 қатар қаландыға дейін сақталған. Кесененің батыс қабырғасы да дәл осындай.

Едені де 25×25×5 см болатын қыш кірпіштен төселген. Еденге төселген кірпіштердің жарты бөлігі алынып тасталған. Бастапқыда еден 1% ақ түсті бөлшектер қосылған қалыңдығы 1,5–2 см болатын сазды жабындымен тегістеліп жабылған, содан кейін оның үсті бор немесе алебастрдың ақшыл қабатымен жабылған.

№1 жерлеу орны. Көрхананың орталық бөлігінде



3-сур. Кесене сызбасы
Fig. 3. Plan of the mausoleum
Рис. 3. План мавзолея



4-сур. № 1 жерлеу орны
Fig. 4. Burial nr. 1
Рис. 4. Погребение № 1

№1 жерлеу орны орналасқан (4-сур.). Ғимараттың солтүстік қабырғасынан 3,2 м қашықтықта. Азимуты 195°.

Қабірүсті белгісінің ұзындығы 2,25 м, ені 1,1 м. Ортаңғы бөлігі еденнен 45 см төменге шөккен. Қабірүсті белгісі қыш кірпіштерден қаланған, кірпіштер көлемі 25×25×5 см, қызыл және сарғыш түсті қыш. Мастаба (құлпытас) өзінің бастапқы орнында екі сатылы төртбұрышты ұзынша платформа түріндегі кірпішпен қапталған бейіт болды. Қабірүсті белгісі үш сатылы келген төртбұрышты ұзынша тұғыр түрінде кірпішпен қаланып қойылған.

Қабірүсті белгісінің батыс іргесінде қалыңдығы 3–5 мм шамасындағы ақшыл саз қабатында қалыңдығы 5 мм-ге жететін майлы күйе қабаты жатқаны анықталды. Бұл дақтың өлшемі 40х40 см. Дақ қабірүсті белгісінен еден кірпіштерінің шетіне дейін созылған.

Қабірүсті белгісі құландысынан оның үш сатылы болғанын байқаймыз. Кең қаландының үстіне тарлау қаланды қою тәсілімен салынған. Қабір үсті белгісі қалыңдығы 2–3 см жасыл түсті саздан құйылған жабындыға тіреп салынған. Оның да бір бөлігі қабір шұңқыры топырағының шөгуі салдарынан төменге батып кеткен, бір бөлігі қабір шұңқырының қабырғаларына көлбеу түрде бекітіліп қалған.

Қабір шұңқыры 195° азимутта батыс-шығыс бағытында төртбұрыш пішінді жобада ашылды. Оның ұзындығы 2,6 м, ені 1,3 м. Қабырғалары тік келген. Еденнен 60 см тереңдікте шұңқырдың барлық жағында ені 30 см болатын сөре жасалған. Сөренің ұзындығы 37–40×26×9 см қара сазды саман кірпішті қалау есебінен жасанды түрде салған. Батыс және шығыс сөрелерде ені 4–5 см, биіктігі 2–3 см ағаш тақтайшалардың немесе бұтақтардың қалдықтары болды, олар шұңқырда жерленген мүрдені жауып тұрған. Тақтай-бұтақтар арасының қашықтығы 4–5 см. Тақтай қалдықтарының үстінде және сөрелердің үстінде тері-былғары жамылғының іздері байқалады. Сөре айналасы карбонаттарға қаныққан. Солтүстік және оңтүстік қабырғалардан 5–6 см қашықтықтан ұзындығы 27–28 см болатын ағаш қалдықтары мен оларды бекіткен темір шегелер табылды. Солтүстік қабырға жағында тақтай фрагменттерінің ішкі жағына қызыл күрең түсті матадан қалған іздер сақталған.

Қабір түбіндегі тақтайлар үзік-үзік күйінде сақталған, олар қабір осі бойымен жатыр. Қаңқада табыт қақпағының іздері жоқ, тері жамылғысының іздері ғана сақталған. Дегенмен, қаңқадағы карбонаттардың қанықтығы тақтай жабындысы болған мүмкіндікті көрсетіп тұр. Қабір шұңқырының түбі 60 см тереңдікте. Шұңқыр іші біртекті қоңыр түсті сазбен толтырылған.

Қабір шұңқырының түбінде оның осінің бойымен созылып, шамамен 30 жастағы ер адамның шалқасынан, басы батысқа қарағаң қаңқасы жатыр. Бас сүйегі сәл оңтүстікке бұрылып, жерге шүйдесімен орналасқан. Қаңқа кеуде қуысы біркелкі ашылған, омыртқа бағанасы 2 тәріздес иіле орналасқан. Төс сүйегі солтүстік жағына қарай сырғып кеткен. Оң қолының сүйектері денесінің бойымен қатар созылған, кеудесінен шынтаққа дейінгі ара қашықтық 12 см. Білек сүйегі қабір осінің бойымен бағыттас. Білек шыбығы орнынан ығысқан, қол басының сүйектері де орнынан жылжыған. Сол қолдың сүйектері де дененің бойымен қатар созылған, кеудеден шынтаққа дейінгі ара қашықтық 15 см. Білек сүйегі қабір осі

бойымен бағыттас, алақаны төмен қарап қалған. Жамбас сүйектері біркелкі ашық. Жерлеу кезінде оң аяғы дене осі бойымен созылып, басы сыртқа қарай қисайған. Табаны оңтүстік-шығысқа бағытталған. Сол аяқтың тізе тұсында оң аяқпен арақашықтық 40 см. Сол аяқтың басы сыртына қарағаң, тізеден төмен ішке қарай аздап қисайған. Сол аяқ табаны оң аяқ табанына қарай 35 см-ге дейін жақындап, шығыс бағытқа қараған. Сүйектің ұзындықтары: иық сүйегі 33 см, шынтақ сүйегі 26 см, сан сүйегі 45 см, асықты жілік 36 см.

№1 жерлеу орнындағы қабірүсті кірпіштерінің қөлемі 25х25 см, кесененің кірпіштерімен бірдей. Бұл кірпіштердің біркелкі болып келуі кесенедегі алғашқы жерленім деп есептеуге негіз бола алады. №2 жерлеу орны жерлеу реті бойынша екінші деп есептелді, өйткені қабірүсті кірпіштері көлемі жағынан да, күйдірілуі бойынша да әртүрлі топтамадан құралған.

№2 жерлеу орны. №1 жерлеу орнының солтүстік жағында, осінің бойымен 1,6 м ұзындықта орналасқан (5-сур.). Қабірүсті белгісінің ұзындығы 1,7 м, ені 0,9 м. Батыс бөлігі еденнен 50 см төмен шөгіп кеткен. Қыш кірпіштердің көлемі 24×24×5,5 см; 12,5×25×5 см; 25×26,5×5 см; 31×21×5 см; 22×22×5 см; 26,5×25×5 см; 23×22×5 см; 24×22×4 см. Кірпіштер қызыл, жасыл, сұр түсті боп келген. Қабірүсті белгісі екі сатылы төртбұрышты ұзынша платформалы кірпішпен қапталған мола төбешігі түрінде болды. Қабір белгісінің құландысынан оның үш сатылы болғанын байқауға болады. Кең қаланды үстіне тарлау қаландыны қалап орналастырған.

Қабір шұңқыры ашылғаннан кейінгі пішіні төртбұрышты, батыс-шығыс бағытында, азимуты 189°тең. Оның ұзындығы 2 м, ені 1,25 м. Қабырғалары тік келген. Шұңқыр ішіне 40 см тереңдікте ені 35 см болатын сөрелер жасалған. Сөрелер шұңқырдың оңтүстік және солтүстік жағында орналасқан. Сөрелер үстінде ені шамамен 8 см болатын көлденең тақтайлардың іздері сақталған. Тақтай-бұтақтар бір-бірінен 2–3 см қашықтықта орналасты. Олардың үстінде тері іздері және қамыс діңдерінің аздаған қалдықтары сақталған. Сөрелер үстінің топырағы карбонаттармен қанықкан.

Қабір шұңқыры түбінен солтүстік және оңтүстік қабырғалар бойынан табыт тақтайларының шіріген қалдықтары мен оларды ұстатқан темір шегелер табылды. Табылған шегелер саны 16. Кейбір тақтай сыныңының ішкі бетінде қызыл күрең түс айқын байқалады, шамасы мата қалдығының түсі сіңіп сақталып қалса керек.

Қабір түбіндегі тақтайлардың ешқайсы толық сақталмаған. Жерленген адам сүйегінде табыт қақпағының айқын іздері білінбейді, тек былғары жамылғысының іздері сақталған. Дегенмен, сүйектегі карбонаттың қанықтығы тақтай қақпақтың болғанына болжайды.

Қабір шұңқырының түбі сөре деңгейінен 60 см тереңдікте болды. Батыс шетінде шұңқыр түбінің ені 65 см болса, шығыс шетінде 50 см. Шұңқырға толтырылған топырақ біркелкі, қоңыр саздан тұрады.



5-сур. № 2 жерлеу орны
Fig. 5. Burial nr. 2
Рис. 5. Погребение № 2



6-сур. № 2 жерлеу орнындағы мата қалдығы
Fig. 6. The remains of the cloth from burial nr. 2
Рис. 6. Остатки ткани из погребения № 2



7-сур. Зертханада тазалағаннан кейінгі № 2 кебіннің фрагменті
Fig. 7. A fragment of clothing from burial nr. 2 after cleaning in the laboratory
Рис. 7. Фрагмент одежды из погребения № 2 после очистки в лаборатории

Қабір түбінде 20–25 жас шамасындағы әйел адамның сүйегі шалқасынан, басын батысқа қаратып қойылған. Ол қабірдің солтүстік қабырғасына қарай жақын жатыр. Сүйектің осі солтүстік қабырғадан 25 см қашықтықта болды. Бас сүйегі сол жақ қырымен, беті солтүстікке қаратылған. Кеуде қуысы біркелкі ашық. Омыртқа жотасы сәл Ƨ тәріздес иілген. Төс сүйегі омыртқаның үстінде жатыр. Қолдың иық сүйектері дененің осі бойымен қатар, кеудесіне жақын жатыр. Білек сүйектері жамбас сүйектерінің үстіне қарай бағытталған, қолдарының алақандары төменге қаратылған. Жамбас сүйегі біркелкі ашық, шат сүйегі ажыраған. Сол аяқтың сүйектері сыртқа қарағаң, қабір шұңқырының солтүстік қабырғасынан тақала жатыр. Тізесі көтеріңкі орналасқан. Табаны шығысқа қарағаң. Оң аяқ сол жақ аяқтың тізесіне түйіскен, тізесі 5 см-ге көтеріңкі орналасқан. Сирақтың сүйегі ішкі жағына қарай қарағаң. Табан сүйектері солтүстік-шығысқа қарай бағытталған.

Жерленген адамның аяғынан шығысқа қарай 20 см қашықтықта, қабірдің солтүстік-шығыс бұрышында қызыл түсті қыш құмыра табылды. Құмыраның ұстайтын тұтқасы лента тәріздес жасалған. Ыдыстың биіктігі 13,5 см, диаметрі 14 см. Құмыраның түбінің диаметрі 6,5 см болды. Ыдыстың пішіні жобасында ромб тәріздес келген. Мойнының биіктігі 2,5 см, ернеуі сыртына дөңгелене қайырылған. Ені 3 см лента тәріздес тұтқасы ернеуінен басталып құмыраның орта бөлігіне дейін жетеді. Құмыраның орта бөлігінде, иығында және мойнына жалғасар тұста айналдыра тік сызықты өрнектер ойылып салынған. Құмыраның түбі тегіс келген.

Сүйектің оң жақ иығында алтын жалатылған күміс жіпті матаның талшықты түйірі сақталып қалған (6, 7–сур.). Көлемі 5×4×3 см. Бас сүйегінің астында да осындай мата түйірі табылды.

№3 жерлеу орны. Ол зияратхананың солтүстік-батыс бұрышында орналасқан. Еденнің астындағы сазды жабындыдағы дақтан анықталды.

Шұңқырдың ұзындығы батыстан шығысқа 2,1 м-ге созылған, батыс шетінің ені 1,1 м, шығыс шетінде 0,97 м. Шұңқыр пішіні батыс шетінде тік келген болса, шығыс шеті аздап дөңгелене келген. Қабір шұңқырының қабырғалары тік келген.

Шұңқыр бетінен 40 см тереңдікте ені 25 см болатын сөре болғаны анықталды. Ол шұңқырдың оңтүстік

және солтүстік жақтарында жасалған. Олардың үстінде ені 5 см көлденең қойылған тақтайшалардың немесе шыбықтардың іздері сақталған. Шыбық-тақтайлар бір-бірінен 8 см қашықтықта орналасқан. Олардың үстінде былғарының іздері, ал былғары үстінде жерлеу осі бойымен салынған қамыс сабақтарының қалдығы сақталған. Сөре үсті карбо-наттармен қанықкан.

Шұңқырдың төменгі қабырғалары да тік келген. Қабір шұңқырының түбі зияратхана едені төсенішінен 90 см төменде орналасқан. Шұңқыр ішінің топырағы біркелкі қоңыр сазды келген, қыш кірпіш пен сұр шикі кірпіштің аздаған қосындысы бар.

Шұңқыр түбінде шамамен 20–25 жастағы шалқа-сымен жатқызылған басы батысқа қараған әйел адамның қаңқасы табылды. Бас сүйегі шұңқырдың батыс шетінен 45 см қашықтықта жатыр. Бас сүйегі жерге шүйдесімен орналасқан, беті оңтүстік-шығысқа қараған. Кеуде қуысы біркелкі ашылған. Омыртқа жотасы сәл ƨ тәріздес қисық. Сол қолының сүйектері денесінің бойымен жамбастың сыртына іргелес орналасқан. Алақаны қырынан сыртына қарағаң. Оң қолдың сүйектері де дәл осылай жатыр. Жамбас сүйектері біркелкі ашық, шаты бір-бірінен ажырағаң. Сол аяқтың сүйектері сыртқа қарап орналасқан. Аяқтың басы оңтүстік-шығысқа бағытталған. Оң аяқ сыртқы жағына қарай жартылай дөңестене келген, тізесі сәл бүгілген. Аяқтың басы шығысқа бағытталған және сол аяқтың табанымен ара қашықтығы 3 см.

Сүйектердің ұзындығы: иық сүйегі 27 см; шынтақ сүйек 21 см; сан сүйегі 38 см; сирақ сүйектері 33 см.

№4 жерлеу орны. Көрхананың солтүстік-батыс бұрышынан топырақтағы дақ бойынша анықталды. Ол батыс-шығыс бағытында орналасқан және ұзын жағымен зияратхананың солтүстік қабырғасына, ал батыс шеткі жағымен бөлменің батыс қабырғасына жапсарласып тұр. Шұңқыр өлшемі 2 х 1 м. Шұңқырды тазарту кезінде оның топырағы біртекті келген және қыш кірпіш пен шикі кірпіш сынықтары араласқан.

Еденнің сазды төсенішінен 35–40 см тереңдікте табыттың сүргіленген тақтайлары ашылды. Оның қалыңдығы 1,5 см, ұзындығы 1,8 м, табыттың батыс шетіндегі ені 80 см, шығыс шетінде 50 см болды. Табыттың қақпағы сынып опырылған, сынықтары шашылған. Табыт ішінде бас сүйек көрінді. Қабірді әрі қарай ашу ауа-райы қолайсыздығына байланысты, әрі маңызы аз деген себеппен тоқтатылды. Жерленім XX ғасырдың I-жартысына жатады.

№5 жерлеу орны. Одан әрі зерттеу барысында көрханадағы №1 жерлеу орнының шығыс жағы мен бөлменің шығыс қабырғасы арасынан анықталды. Бөлменің оңтүстік қабырғасынан батыс-шығыс осі бойымен 120 см қашықтықта орналасқан. Еден деңгейінен төмен шөгіп түсіп кеткен қыш кірпіштер аумағынан ашылды. Бұл бір қатар қыш кірпіштер бұрынғы еденнің төсеніші. Қатты шөккен орта тұсы 20 см төмен болды. Жерлеу орны аумағының өлшемі 1,20×0,80 м (БШ–СО). Қабір ішінен жас баланың сүйектері шыға бастады. Ауа-райының қолайсыздығынан жерлеу орнын әрі қарай қазу тоқтатылды. Шұңқыр іші сарғыш құмды саз топырақпен толтырылған.

№6 жерлеу орны. Көрхананың оңтүстік-батыс бұрышында топырақтағы дақтардың шекарасы бойынша анықталды. Шұңқыр топырағында қыш кірпіштер сынықтары мен аздаған саман кірпіштердің фрагменттері шашылған, әрі барынша тығыз орналасқан. Ол батыс-шығыс бағытында орналасқан және ұзын жағымен көрхананың оңтүстік қабырғасына, ал енімен бөлменің батыс қабырғасына жапсарлас. Шұңқырды тазарту кезінде топырағы біртекті болды және саман кірпіштің аздаған фрагменттері мен қыш кірпіштің фрагменттерінің қосылысынан тұрады. Бұл еденнің сазды төсенішінен 60 см тереңдікке дейін байқалады. Бұл жерлеу орнының үстіндегі еден басқа жерлеу орны үстіндегідей шөгіп кетпеген. Жерлеу орнын одан әрі зерттеу жұмыстары ауа райы қолайсыздығына байланысты тоқтатылды.

Қорытынды: Алтын Орда мемлекетінде ислам дінінің өркен жаюына байланысты кесенелер салу кеңінен таралған. Бұл кесене әзірге Атырау облысы аумағында зерттеуге алынған бірден-бір кесене болып табылады. Бұған дейін негізінен Сарайшықта ноғай-қазақ кезеңіне жататын отбасылық сағаналар зерттелген болатын. Ал кесенелерге, ондағы жерлеу орындарына зерттеулер қазіргі кезге дейін жүргізілмеген.

Қабырғаның ішін саман кірпішпен қалап, сыртын қыш кірпішпен қаптау, яғни, сауытты қалау тәсілі, қабір шұңқыры үстін шыбық-бұта сабақтарымен жабу, былғары, қамыс жабынды қолдану тәсілі кесененің уақытын мерзімдеуге негіз бола алады деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТ

Ахметова У. «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII–XV ғғ.) ғылыми жобаның 2022 жылға арналған жылдық есебі». Сарайшық, 2022. 191 б.

Ахметова У. Научный отчет об археологических работах по теме «Исследование средневекового мавзолея в местности Карагайлы». Сарайшык, 2022. 59 с.

REFERENCES

Akhmetova, U. 2022. *Kazakstannyn batys onirindegi altynordalyq qalalar, kone keruen joldary jane keruen-sarailar: panaralık zertteuler (XIII–XV gg.) gylymi jobanyn 2022 jylga arnalgan jyldık esebi (Golden Horde Cities, Ancient Trade Routes, and Caravanserais in the Western Region of Kazakhstan: Interdisciplinary Research (13th–15th centuries*). Saraishyk (in Kazakh).

Akhmetova, U. 2022. *Nauchnyi otchet ob arheologicheskih rabotah po teme "Issledovanie srednevekovogo mavzoleya v mestnosti Karagaily" (Scientific report on archaeological work on the Topic "Investigation of a medieval mausoleum in the Karagaily area"). Saraishyk (in Russian).*

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. / Раскрытие информации о конфликте интересов. Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов. / Disclosure of conflict of interest information. The authors claim no conflict of interest.
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 29.03.2023.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 29.04.2023.
Авторлар жұмысқа бірдей үлес қосты. / Авторы внесли равноценный вклад в работу. / The authors have made an equal contribution to the work.